КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 04 мамыр дело №7119-24-00-2/4416 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қаныш Сәтпаев атындағы канал филиалы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы

ЖАУАПКЕР:
«AZL-Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Жеке кәсіпкер «S-D» атауымен әрекет етуші Сапарбек Бахытович Сабуров
Жеке кәсіпкер «НурГосСтрой» атауымен әрекет етуші Евгения Олеговна Шин

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылары деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қаныш Сәтпаев атындағы канал филиалы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы жауапкерлер «AZL-Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, жеке кәсіпкер «S-D» атауымен әрекет етуші Сапарбек Бахытович Сабуровқа, жеке кәсіпкер «НурГосСтрой»

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

атауымен әрекет етуші Евгения Олеговна Шинге қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AZL-Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НурГосСтрой» атауымен әрекет етуші Евгения Олеговна Шин мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AZL-Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «НурГосСтрой» атауымен әрекет етуші Евгения Олеговна Шиннен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қаныш Сәтпаев атындағы канал филиалы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы жауапкер жеке кәсіпкер «S-D» атауымен әрекет етуші Сапарбек Бахытович Сабуровқа қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 04.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2024, судья Жетибаев Ж. К., 20.06.2024